

«Бекітемін»

ЖШС «Ажар Ана-2017»

бөбекжай балабақшасының

менгерушісі: А.З. Турсынбаева

*А.З. Турсынбаева*  
«          »            2022-2023 жж

# Ашық сабақ.

Тақырыбы: 25 Қазан Республика күні.



Тәрбиешілер: Ж.Салыкбекова

Т.Жунисова

## 25 Қазан - Республика күні «Қазақстан – туған елім, ұлы өлкем»

**Ашық сабақ мақсаты:**

1. Балалардың отан, Қазақстан, туған жер туралы түсініктерін кеңейту.
2. Балаларды Отанды сүйге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған еліне деген сүйіспеншілігін аттыру.
3. Балаларды достыққа, адамгершілікке, саналылыққа тәрбиелеу.

**Ашық сабақ әдісі:** сұрақ- жауап, әңгімелеу.

**Ашық сабақ барысы:** Ұйымдастыру кезеңі.

**Сәлеметсіздерме балалар!**

**Әнұран:**

**Тәрбиеші:**

**Балалар қазір жылдың қай мезгілі?**

**Балалар:** Күз мезгілі

**Күз мезгілінде неше ай бар?**

**Балалар:** Зай Қыркүйек, Қазан, Қараша.

**Балалар қазан айында қандай мереке күндер барын білесіңдер?**

**Балалар:-** Ұстаздар күні,

-Қарттар күні,

– Республика күні.

**Тәрбиеші:** Олай болса балалар! 25-қазан Республика күніне

арналған «Қазақстан – туған елім, ұлы өлкем» атты ашық сабағымызды бастаймыз.

**Тәрбиеші:** Балалар арайлаған таңды сүйетін кім?

**Балалар:** -Мен

**Ата-ананы сүйетін кім?**

**Балалар:** -Мен

**Досын сүйетін кім?**

**Балалар:** -Мен

**Болашағы елімнің кім?**

**Балалар:** -Мен

**Кәне балалар Отан деген не?**

**Адамның туып өскен жері, туған-туысқандары, біз тұратын атамекен.**

**Балалар біз қай мемлекетте тұрамыз?**

**-Біздің отанымыз Қазақстан.**

**Еліміздің Астанасы қалай аталады?**

**-Біздің бас қаламыз Астана**

**Біздің Президентіміз кім?**

**Балалар:** Қасым Жомарт Тоқаев

**Еліміздің қандай рәміздерін білесіңдер?**

**Ту, Әнұран, Елтаңба.**

**Астананың символы?**

**Бейтерек**



Балалар біздің елімізде көп ұлт өкілдері тұрады, көне соларды атап айтайықшы: орыстар, өзбектер, қырғыздар, татарлар, немістер. Иә балалар дұрыс айтасындар әр түрлі көп ұлт өкілдері бір шаңырақ астында тұрады екенбіз. Балалар көнекей әр ұлт өкілдері бір шаңырақ астында қалай тұратынын киіз үй құрып көрсетейік.



**Ерасыл:** Тәуелсіз азат елім,  
Туып өскен байтақ жерім,  
Менгі жайнап тұра бер  
Қазақстаным менің

**Гайһар:** Отан-сөнің ата-анаң  
Отан-досың бауырым,  
Отан-өлкен астанаң,  
Отан-аудан ауылым.

**Мейірхан:** Ұлан байтақ жері бар,  
Пайдалы қазба кені бар.

Тәуелсіз ел Қазақстан,  
Көркіне көркі жарасқан.  
Жанеля: Біз Отанның гүліміз  
Туған жердің нұрымыз.  
Тәуелсіз біздің еліміз,  
Қазақстан бай жеріміз.

Нұрислам: Отан асыл анамыз,  
Ана сүтін ақтаймыз.  
Есейгенде ел болып,  
Елді жаудан сақтаймыз.

Сапарбай: Астана арман қала  
Бағы бір жанған қала.  
Тұрады ол жап-жас болып,  
Мен үлкен болғанда да.

Тәрбиеші: Ендеше бас қаламыз Астананың символы Бәйтеректі құрастырайық.



Хор: Менің елім.



Тәрбиеші: Балалар бұл Қазақстан картасы яғни Қазақстан жері ендеше біз өз жақсы тілек ниетімізді алқан мен бастыру арқылы жеткізейік.



-Балалар! Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы екен. Отансыз адам болмайды. Отанымыз көркейіп, гүлдену үшін біз көп еңбектенуіміз керек. Еңбектену дегеніміз білімді, тәртіпті болуымыз.

**Балалар бүгінгі ашық тәрбие сағаты ұнады ма?**

**Балалар: Иә**

**Қорытынды: Байтақ дала жерім менің**

Арта берсін даңқың сенің

Көк байрағың желбіресін

Егеменді елім менің – дей отырып,

Құрметті қонақтар, балалар осымен Республика күніне арналған

«Қазақстан-туған елім, ұлы өлкем» атты ашық тәрбие сағатымыз аяқталды.